

**033 "Амангелді газ кен орындары топтарын игеру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын инвестициялық жобаны іске асыру барысында туындаған Қазақстан Республикасының мүліктік құқығын бағалау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 311-ө өкімі

033 "Амангелді газ кен орындары топтарын игеру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын инвестициялық жобаны іске асыруға байланысты:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының 033 "Амангелді газ кен орындары топтарын игеру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын инвестициялық жобаны іске асыру барысында туындаған Қазақстан Республикасының мүліктік құқығын бағалауды жүзеге асыруын қамтамасыз етсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*